

Жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау

Мемлекеттік орган	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы 2) Халықты жұмыспен қамту орталығы 3) "электрондық үкімет" веб-порталы (www.egov.kz) (бұдан әрі - портал)
Қызметті мерзімдері	көрсету 8 (сегіз) жұмыс күні "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 минут. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің уақыты - 20 минут, халықты жұмыспен қамту орталығында - 30 минут.
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе оралман мәртебесі бар адамдар үшін оралман куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі; 2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін - Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы; Жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін порталға - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысандағы жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындауға портал арқылы өтініш, сондай-ақ өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаты туралы, жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер.
Қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік тәуекелдер жағдайына әлеуметтік төлемдер тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық / қағаз түрінде
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020838